

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ӨНІРЛІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Саньязова Айгерим Кайратқызы

sanyazovaa@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 1 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Каратаев Дидар Даутович

2017 жылы әлемдік жалпы ішкі өнімнің 10,4% туризм саласына тиесілі болды және жаңа жұмыс орындарының әрбір бесіншісі осы салада ашылған болатын [1]. Яғни, индустрия аса қарқынды түрде дамып, дүниежүзілік деңгейде экономикаға ықпал етуде.

Дүниежүзілік Экономикалық Форум әр 2 жыл сайын саяхат және туризм салаларының бәсекеге қабілеттілігіне баға беретін есептемені жариялайды. Оның соңғысы 2017 жылы жарыққа шыққан. Бұл есептемеде 136 ел зерттелген болса, 2007 жылғы шығарылымда 124 мемлекет есепке алыныпты [2]. Яғни, он жыл арасында тізімге жаңадан 12 ел енгізілген. Бұның өзі соңғы кезде туризм саласына жалпыәлемдік деңгейде көп көңіл бөлінетінін көрсетеді.

Туристердің Қазақстанға қызығуы. Дагмар Шрайбер, экотуризм дамуы бойынша эксперт, өз ойын былай деп білдірді: «Қазақстан өзінің кең әрі азқоныстанған жерімен еуропалық туристер үшін табиғатпен оңаша болу мүмкіндігін ұсынады. Ежелгі тарих, археологиялық қазбалар және ғажап табиғи ландшафтар шетелдік туристердің келуін қамтамасыз ете алады» [3]. Шынымен де, бұндай мүмкіндіктерді дұрыс қолдану туризм дамуына ықпал етеді, себебі Қазақстан аумағындағы әртүрлі тарихи және табиғи ескерткіштер туристер үшін тартымды болып саналады.

Жеке Шығыс Қазақстан облысына тоқталатын болсақ, өңірде туризмнің көптеген түрлерін дамыту үшін мүмкіндіктердің барын және Шығыс Қазақстан әртүрлі туристерді ерекше қызықтыратынын атап өту қажет. Оның ішінде, мысалға, пантымен емдеу туризмнің емдеу-сауықтыру түрін дамытуға жол ашады. Маралдың пантысының қасиеті, ағзаға деген оң, пайдалы әсері шетелдіктердің Шығыс Қазақстан облысына деген қызығушылығын арттырып, өңірді тартымды етеді. 2018 жылдың шілде айында Қытай Халық Республикасының Туризм бойынша Мемлекеттік Басқармасының өкілі, Ван Шулинның Шығыс Қазақстан облысындағы «Баян» пантымен емдеу орталығына келуі болашақ серіктестікті дамытуды талқылаумен табысты өтті. Оның айтуы бойынша, қытайлық әріптестер мен туристердің бұл салаға деген қызығушылығы бар [4]. Бұндай өңірлік артықшылық шетелдік инвестициялардың құюлуына ықпал етіп, облыстағы туризм индустриясының дамуына серпін береді.

Өңірлік туризмнің даму деңгейі және бұл саланың мүмкіндіктері жоқ емес, бар.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасынан 2016 жылы республикадағы орналастыру орындарының үлкен үлесі (16,5%) Шығыс Қазақстанға тиесілі екенін білуге болады [5]. Бұндай көрсеткіш Шығыс Қазақстан облысында туризмнің даму деңгейі өзге өңірлерге қарағанда, салыстырмалы түрде жоғары болып табылатынын және жергілікті туристік индустрияның мемлекеттік маңызы зор екендігін көрсетеді.

Екіншіден, Шығыс Қазақстан облысының туристерді қабылдай алу мүмкіншілігін жоғары деп бағалауға болады. Өңірлік туризм және сыртқы байланыстар басқармасының ресми интернет қорынан алынған туризм брошюрасы облыстағы туризм индустриясының даму деңгейін сипаттайды. Осы брошюрада берілген 2015 жылғы ақпаратқа сүйенсек,

Шығыс Қазақстан бір мезгілде 22 мың туристерді қабылдай алады [6]. Бұл көрсеткіш облыста туристік жағдайлардың шынымен де бар екеніне дәлел болып отыр.

Үшіншіден, облыс ішінде ұсынылған туристік бағыттарға онлайн түрде тіркелуге болады. Бұны да туризмнің даму деңгейінің көрсеткіші деп санап, қонақтар үшін ыңғайлы, қолжетімді жағдай туғызатынын атап өту қажет. «Toureast.kz» веб-парақшасында жергілікті ұсынылатын демалыстардың ұзақтығы, бағасы, күндер бойынша сипатталуы сынды мағлұмат және басқа да қосымша ақпарат берілген. Осындай онлайн платформаның болуы туристерді Шығыс Қазақстан облысымен таныстырып, демалыстардың ұйымдастырылуын жеңілдетеді.

Төртіншіден, климаттық, табиғи жағдайларға және мәдени-тарихи ерекшеліктерге байланысты, Шығыс Қазақстанда көптеген туризм түрлерін дамытуға болады: экологиялық, тау-шаңғы, аң және балық аулау, емдеу-сауықтыру, мәдени-танымдық және жағажай туризмі [7]. Себебі, облыс ішінде қызықты таулы, рекреациялық, табиғи, су және экскурсиялық зоналар аз емес [8]. Мысалы, Алтай таулары, Алакөл, Сібе көлдері, Жидебай, Еңлік-Кебек ескерткіші. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында жазылғандай, «Алтай інжуі» аталатын алты кластердің бірі ретінде танылған ШҚО аумағында экологиялық туризмді дамыту басымдылық ретінде танылады. Жалпы, облыстағы ауантүрлілік әртүрлі туристерді қызықтырып, саланың дамуына көптеген бастамалардың бар екеніне дәлел болып келеді. Осылайша, берілген ақпаратқа сай, өңірдің туристік потенциалын және, мемлекет ішінде қарайтын болсақ, даму деңгейін жоғары бағалауға болады.

Ал, енді «Шығыс Қазақстан облысының экономикасын ілгерілету үшін туризм саласында қандай іс-шараларды ұйымдастыруға болады?» Деген сұрақ туындайды. Осыған жауап табар алдында саладағы өзекті мәселелерді анықтап алған дұрыс және өңірдегі туристік саланың дамуы үшін оған кедергі жасайтын мәселелерді шешу қажет.

Алғашқыдан, бүгінгі күні Қазақстандағы туризм саласы қалыптасу кезеңінде деп айтуға болады. Елімізге деген туристер тарапынан түсетін қызығушылықты арттыру үшін белгілі бір жобалар қажет. ЕХРО 2017, XXVIII қысқы Дүниежүзілік универсиада осындай жобалардың бөлігі болып саналады [9]. Дегенмен, бұл іс-шаралар, негізінен, Қазақстанның ірі Астана және Алматы қалалары үшін тиімді екенін атап өткен дұрыс. Осыған орай, туристердің қызығушылық деңгейін көтеру мәселесі, яғни жарнама мәселесі Шығыс Қазақстан облысындағы туризм индустриясын дамыту алдында тұр.

Екіншіден, климаттық жағдайлардың әсерінен, облыстағы туристік мезгіл жылына 3-4 айға созылады. Бұл жыл бойы индустриядағы жұмыстың тоқтамауы үшін әртүрлі қызметтерді дамыту қажеттілігін туындатады. Оған жылу жүргізу, жолдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өзге де қызмет түрлері жатады.

Келесі, ішкі отбасылық туризмнің дамуына кедергі болып саналатын факторлардың бірі – авиабилеттердің қымбаттылығы. Құны 20-80 мың теңге аралығында жататын ұшақ билеттерін сатып алу көпшілік үшін қолжетімді емес. Осыған орай, Тимур Тоқтабаев - Инвестициялар және даму бойынша вице-министр 2019 жылға қарай ұшақпен ұшу мүмкіндігі қоғам үшін кеңейетіні туралы болжам жасаған болатын [10].

Облыстағы туризмді дамытуға бағытталған іс-шаралар. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында Шығыс Қазақстан облысы жеке кластер ретінде берілген. Яғни, мәселе мемлекеттік деңгейде алға қойылған.

Шығыс Қазақстан облысының әкімінің орынбасарының айтуынша, 2016-2017 жылдар ішінде негізгі туристік бағыттар бойынша көлік жолдарын жөндеу үшін жалпы мөлшері 4 млрд. теңге қаражат бөлінген болатын [10]. Бұл инфрақұрылымды дамыту арқылы туризмді дамыту қолға алынғанын дәлелдейді.

2018 жылдың қыркүйек айында Өскемен қаласында «Алтай Invest-2018» атты халықаралық инвестициялық форум өтті. Туризм саласындағы жобалар қарастырылып, қомақты қаржы мөлшеріндегі келісімдерге қол қойылды. Олардың жалпы сомасы 295,2 миллиард теңгені құрады. ШҚО облысы, Даниал Ахметовтың айтуы бойынша,

келісімшарттар негізінде қалалар мен аудан орталықтарындағы жарықтандыру жүйелерін модернизациялау басымдылық ретінде танылып, ыңғайлы әрі қауіпсіз ортаның қалыптасуы маңызды бағыт болып белгіленді [8]. Бұндай өзгерістер туристер үшін де, жергілікті халық үшін де қолайлы жағдайлар қалыптастырып, өңірдің тартымдылығын арттырады.

Туризмді дамыту үшін ұсынылатын шаралар. Жалпы елдегі туризмді дамытуға арналған ұсыныстар Шығыс Қазақстан үшін де маңызды саналады.

Дагмар Шрайбер, экотуризм дамуы бойынша эксперттің айтуынша, Қазақстанның ежелгі тарихы туристерді қызықтырады. Шетелден келген қонақтар үшін тарих негізінде көшпенділердің өмірі, қазақ ұлтының өткені жайлы қойылымдар ұсыну жақсы идея болып саналады.

Елбасы Жастар жылының салтанатты ашылуында жастар туризмін дамытудың маңыздылығын атап өткен болатын. Президенттің айтуы бойынша, жастар арасында туристік клубтарды дамытуды қолға алу қажет [8].

Теория бөлімінде іріктеліп талданған ақпаратты берілген туризм тақырыбына қатысты қоғам ойын тәжірибе жүзінде анықтау және оны саралап, талдау арқылы толықтырдым. Ол үшін социологиялық зерттеу жүргізілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. The World Travel & Tourism Council 2018 [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://www.wttc.org/about/media-centre/press-releases/press-releases/2018/one-in-five-of-all-new-jobs-created-globally-in-2017-are-attributable-to-travel-and-tourism/>
2. Roberto C. World Economic Forum: The Travel & Tourism Competitiveness Report 2017. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: http://ev.am/sites/default/files/WEF_TTCR_2017.pdf
3. Малеев С. Туризм в Казахстане глазами иностранных экспертов. 29.09.2011. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31059517
4. Китайцы проявляют интерес к патновой продукции. 25.07.2018 [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://toueast.kz/article/view?slug=kitajcy-proavlaut-interes-k-patnovoj-produkcii>
5. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. 2017. 1-бөлім [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406>
6. Туристский потенциал ВКО презентовали на Казахстанской международной туристской Выставке «KITF 2017» [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://toueast.gov.kz/ru/kontent-sajta/novosti/2018/04/25/turistskij-potenczial-vko/>
7. Исабеков С. Б. Проблемы развития туризма в Республике Казахстан. 18.03.2015 [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://yvision.kz/post/482773>
8. Медетбекова А. Развитие туризма в Казахстане. АО «Рейтинговое агентство РФЦА». 18.11.2016 [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://www.facebook.com/pg/АО-Рейтинговое-агентство-РФЦА-1766906830206584/posts/>
9. В ВКО награды в сфере туризма нашли своих победителей [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://toueast.kz/article/view?slug=v-vko-nagrady-v-sfere-turizma-nasli-svoih-pobeditelej>
10. Елбасының Жастар жылының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзі. 23.01.2019 [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://egemen.kz/article/180950-elbasynynh-zhastar-zhylynynh-saltanatty-ashyluynda-soeylegen-soezi>